effective exercise of civil rights. It is established that, in practice, the institution of the “contract without legal consequences” often conflicts with the principle of good faith, fails to ensure adequate protection of bona fide purchasers and participants in commercial relations, and creates legal opportunities for abuse of rights by allowing parties to evade performance of economically disadvantageous contracts that have already been partially or fully executed. The article provides a comparative legal analysis of alternative approaches to determining the consequences of invalid transactions developed in foreign legal systems. On this basis, the need for conceptual reform of the relevant legal institution in Kazakh law is substantiated - a transition from the formal annulment model (“contract without legal consequences”) to a substantive model based on the principles of corrective and balancing justice, proportionality, and priority protection of good faith conduct. Specific recommendations are formulated for improving legislation and law enforcement practice aimed at overcoming the problem of the “contract without legal consequences”, increasing predictability and stability of civil circulation, and ensuring the unobstructed exercise of civil rights.
Keywords: invalidity of transaction, contract without legal consequences, bilateral restitution, consequences of invalidity, principle of good faith, abuse of rights, bona fide purchaser, civil circulation, protection of civil rights, civil law reform, Civil Code of the Republic of Kazakhstan.

Поступила в редакцию: 12.02.2026
Одобрена: 08.04.2026
Первая публикация на сайте: 16.06.2026

МРНТИ: 16.21.49 https://doi.org/10.65247/3105-3432-2026-2.13

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ “口, 嘴 - АУЫЗ” ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ “MOUTH” СӨЗДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ МЕТАФОРАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОНИМИЯЛЫҚ ҚОЛДАНЫЛУЫН САЛЫСТЫРА ТАЛДАУ

*[1]*К.ТОКТАРБЕК*, [1]*Н.З.ЖУМАНБЕКОВА*, [2]*Ч.С.ТУЛЕЕВА*
[1]*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)*
[2]*И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Бишкек, Қырғызстан)*
*kaniya823@gmail.com, zhumanbekova_nz@enu.kz, reinasmom77@gmail.com

Аңдатпа
Ағылшын тіліндегі *“mouth”* және қытай тіліндегі *“口- kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздері метафоралық және метонимиялық қолданылуында негізділікке ие. Екеуі де ауыздың пішіні, функциясы және әрекет ету тәсілдерін негіз етіп алады. Метонимиялық тұрғыдан қарағанда, бұл сөздер бір танымдық доменде бірдей ауыстыру қатынасын көрсеткенімен, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Метафоралық тұрғыдан алғанда, бұл сөздер пішін/заттар, эмоция/құлық, әлеуметтік қатынас және мінез-құлық домендеріне проекциялана алады, ал қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 - zuǐ - ауыз”* сонымен қатар білім/интеллект доменіне де проекциялануы мүмкін. Қытай тіліндегі бұл сөздердің проекциясы кең және өнімділігі жоғары, бұл ағылшын және қытай тілдерінің танымдық және тілдік ерекшеліктеріне байланысты. Танымдық домен тұрғысынан, бұл сөздердің метафоралық проекциясы “*以身喻心 - yǐ shēn yù xīn* - дене арқылы ой мен сезімді бейнелеу” және “*以身喻身 - yǐ shēn yù shēn* - дене арқылы денені бейнелеу” тәсілдерімен көрсетіледі. Мақалада ағылшын және қытай тілдеріндегі «ауыз» ұғымына байланысты тұрақты тіркестер тура және ауыспалы мағынасымен қарастырылып, метафоралық және метонимиялық қолданыстары салыстырыла талданады.
Түйін сөздер: салыстырмалы талдау, метафора, метонимия, тура және ауыспалы мағына, тұрақты тіркестер, *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”*, “mouth”.

Кіріспе

Қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 - zuǐ - ауыз”* және ағылшын тіліндегі *“mouth”* сөздері метафоралық және метонимиялық тұрғыдан уәжді болып келеді, яғни олар ауыздың пішініне, қызметіне және әрекет ету тәсіліне негізделген. Метонимия тұрғысынан қарағанда, бұл екі тілдегі сөздер бір когнитивтік домен аясында ұқсас алмастыру қатынастарын көрсетумен қатар, өзіндік ерекшеліктерге де ие.

Метафора тұрғысынан алғанда, бұл сөздер пішін және заттар доменіне, эмоция мен көзқарас доменіне, әлеуметтік қатынастар доменіне және мінез-құлық доменіне проекциялана алады. Ал қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздері бұған қоса білім және интеллект доменіне де проекцияланады.

Қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің проекциялану аясы кең әрі сөзжасамдық өнімділігі жоғары, бұл ағылшын және қытай тілдеріндегі танымдық және тілдік ерекшеліктердің айырмашылығымен түсіндіріледі. Когнитивтік домен тұрғысынан қарағанда, бұл екі тілдегі сөздердің метафоралық проекциясы әрі *«以身喻心 - yǐ shēn yù xīn - дене арқылы сананы тану»,* әрі *«以身喻身- yǐ shēn yù shēn- дене арқылы денені тану»* деген танымдық тәсілдерді көрсетеді.

Тілдік деректердің шынайылығы мен байлығын қамтамасыз ету мақсатында зерттеу материалдары ретінде ағылшын және қытай тілдеріндегі біртілді және қостілді (екі тілді) сөздіктер, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер сөздіктері, сондай-ақ ағылшын-қытай *Oxford Dictionary of English Idioms, 成语词典 - Chéngyǔcídiǎn - идиомалар сөздігі*, қазіргі қытай корпусы және классикалық қытай мәтіндері.

Зерттеудің мақсаты – метафора мен метонимияның уәжділігін анықтау, бір категория ішіндегі алмастыру үдерісі мен әртүрлі категориялар арасындағы проекция үдерісін талдау, сонымен қатар ағылшын және қытай тілдеріндегі теңеулер арасындағы айырмашылықтардың себептерін айқындау.

Негізгі бөлім

Сөздің көпмағыналылығы соңғы жылдары когнитивтік лингвистиканың ерекше назарын аударып отыр. Әсіресе адам дене мүшелеріне қатысты сөздерге байланысты бірқатар ғалымдар ағылшын және қытай тілдерін теңеулер тұрғысынан салыстырмалы түрде зерттеген. Мысалы, Чжан Цзяньли, Цинь Сюгуй, Вэнь Сюй (2020), Ли Ин (2023) еңбектерін атауға болады. Когнитивтік лингвистикада теңеулер (фразеологизмдер) танымның тәсілдері ретінде қарастырылады. Лакоффтың пікірінше: «Metonymy has primarily a referential function, that is, it allows us to use one entity to stand for another» (Lakoff & Johnson, Metaphors we lived by, 1980); сонымен бірге ол метонимияның когнитивтік табиғаты туралы: “Metonymy is not merely a referential device. It also serves the function of providing understanding” [Lakoff & Johnson, 1980: 36 б]. деген пікір білдірген, яғни метонимия- танымның негізгі ерекшеліктерінің бірі, адамдар көбіне оңай түсінілетін әрі қабылданатын нысанның бір қыры арқылы тұтас нысанды немесе сол нысанның басқа бір қырын білдіреді деп санайды. Теңеулерде денотативтік (тура) мағынасы мен коннотативтік (ауыспалы) мағынасы арасындағы сәйкестік бір когнитивтік домен шеңберінде жүзеге асады. Теңеудің тура және ауыспалы мағынасын төмендегі суреттен көре аламыз (1- сурет).

Бұл екеуінің арасындағы қатынас – алмастыру қатынасы, яғни ауыспалы мағынасы оның айқын белгісі арқылы танылады, ал нысандардың өзара байланысы жақындық қатынасымен сипатталады. Ал метафорада негіз бен бейне бір доменнен екінші доменге ауысып, әртүрлі категорияларға жатады [王敏 - Вань минь, 2008: 17 б].

Бір нысанды түсіну екінші нысанды түсінуге сүйенеді, сондықтан олардың арасында ұқсастық қатынасы болады. Мысалы: қытай тіліндегі *说嘴郎中 - shuōzuǐlángzhōng* тұрақты тіркесі тура мағынада *«ауызбен емдейтін дәрігер»* дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада қазақ тіліндегі ауызбен орақ ору, бос сөз сөйлеу мағынасында қолданылады екен. Яғни осы тіркестің ауыспалы мағынасы *«ауызбен емдейтін дәрігер»* бейнесі арқылы құр сөз сөйлейтін, нақты іс жасамайтын адамдарды бейнелеп көрсетеді екен.



1-сурет. Теңеудің тура және ауыспалы мағыналары

Метафора бір ұғымдық домен арқылы екіншісін тануға мүмкіндік беретінін, ал метонимия тек бір ұғымдық домен аясында жүзеге асатынын көруге болады. Метонимия мен метафора теорияларына сүйене отырып, “mouth” және *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің сөздіктегі мағыналарына қарапайым салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, ағылшын тіліндегі *“mouth”* сөзі қытай тілінде екі баламамен, яғни *“口 – kǒu - ауыз”* және *“嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерімен беріледі. Сондықтан бұл зерттеуде “mouth” пен *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздері ағылшын- қытай тілдері аясында салыстырыла қарастырылады.

Әдеби шолу

Ағылшын және қытай тілдеріндегі соматикалық лексиканы когнитивтік тұрғыдан салыстыра зерттеу соңғы жылдары когнитивтік лингвистиканың маңызды бағыттарының біріне айналды. Бұл зерттеулердің теориялық негізін G. Lakoff пен M. Johnson (1980) ұсынған концептуалдық метафора теориясы, сондай-ақ Lakoff (1987), Kövecses (2010), Barcelona (2000) және Radden мен Kövecses (1999) еңбектерінде дамытылған когнитивтік метафора мен метонимия теориялары құрайды. Аталған зерттеулерде дене мүшелері атаулары адамның әлемді тануындағы негізгі когнитивтік модельдердің бірі ретінде қарастырылып, олардың семантикалық кеңеюі адамның физиологиялық тәжірибесі мен мәдени танымына негізделетіні көрсетілген.

Ағылшын және қытай тілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеген еңбектердің ішінде Zhang Jianli (2003), Wen Xu (2007), Li Ying және Wen Xu (2006), Qin Xiugui (2008), Zhang Weijing (2009) және Xu Yin (2009) зерттеулерінің маңызы ерекше. Бұл ғалымдар *face, head, eye, mouth* сияқты ағылшын тіліндегі соматикалық атаулар мен олардың қытай тіліндегі баламаларының метафоралық және метонимиялық ерекшеліктерін салыстыра отырып, екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды когнитивтік және мәдени факторлар арқылы түсіндіреді. Атап айтқанда, Zhang Weijing (2009) ағылшын тіліндегі *mouth* пен қытай тіліндегі 口 сөзінің көпмағыналылығын когнитивтік метафора және метонимия тұрғысынан қарастырса, ағылшын тіліндегі mouth пен қытай тіліндегі 口 және 嘴 лексемаларының когнитивтік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдайды. Автор ағылшын және қытай тілдеріндегі ортақ метафоралық модельдердің адамның физиологиялық тәжірибесіне негізделетінін, ал айырмашылықтардың тілдік жүйе мен ұлттық мәдениетке байланысты қалыптасатынын көрсетеді. Сонымен бірге қытай тіліндегі 口 және 嘴 сөздерінің мағыналық өрісі ағылшын тіліндегі *mouth* сөзіне қарағанда кеңірек екендігі, олардың білім, интеллект және сөйлеу мәдениеті сияқты абстрактілі ұғымдарды білдіруде белсендірек қолданылатыны анықталған.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулер ағылшын және қытай тілдеріндегі соматикалық лексиканың когнитивтік табиғатын жан-жақты сипаттағанымен, олардың басым бөлігі метафора мен метонимияға басымдық береді. Ал теңеулердің (similes) құрылымы, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен когнитивтік уәждемесі арнайы зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Осыған байланысты ағылшын және қытай тілдеріндегі

mouth – 口/嘴 сөздеріне қатысты теңеулерді салыстырмалы-когнитивтік тұрғыдан талдау қазіргі когнитивтік лингвистикадағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады және аталған ғылыми олқылықтың орнын толықтыруға бағытталады.

Әдістер

Бұл ғылыми еңбекте ең алдымен салыстырмалы (контрастивтік) талдау әдісі пайдаландық. Бұл әдіс арқылы ағылшын тіліндегі mouth және қытай тіліндегі 口, 嘴 сөздерінің семантикалық құрылымы, ортақ және айырмашылық белгілері салыстырылған.

Зерттеудің негізгі теориялық негізін когнитивтік-лингвистикалық талдау әдісі құрайды. Біз Лакофф пен Джонсонның концептуалдық метафора теориясы мен когнитивтік метонимия қағидаларын басшылыққа ала отырып, сөздердің мағыналық кеңею механизмдерін түсіндіруге тырыстық.

Сонымен қатар зерттеуде семантикалық талдау әдісі қолданып, зерттелетін лексемалардың тура және ауыспалы мағыналары, олардың мағыналық байланыстары жүйеледік.

Зерттеудің сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында корпустық талдау әдісін пайдалана отырып, зерттеу материалы ретінде ағылшын және қытай тілдерінің ұлттық корпустарын, түсіндірме сөздіктер, екітілді сөздіктер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер және фразеологиялық бірліктерді талдап алдық. Бұл тәсіл тілдік деректердің шынайылығын арттырды.

Сондай-ақ сипаттамалы (дескриптивтік) әдісті қолданып, анықталған тілдік құбылыстарды жүйелеп, әрбір метафоралық және метонимиялық қолданысты нақты мысалдар арқылы түсіндірдік.

Нәтижелер мен пікір алмасу

Қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 - zuǐ - ауыз”* - адамның дыбыс шығару және тамақтану қызметін атқаратын мүшелері, олардың негізгі мағынасы ағылшын тіліндегі “mouth” сөзімен сәйкес келеді. *“口 - kǒu, 嘴 - zuǐ - ауыз”* адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Адамның «*以身喻身 – yǐshēnyùshēn - дене арқылы денені тану*» деген танымдық тәсіліне сәйкес, *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* көптеген когнитивтік домендерді атау үшін қолданыла алады. Сонымен қатар, қытай және ағылшын мәдениеттері макродеңгейде ұқсас болғанымен, микродеңгейде айырмашылықтарға ие. Сондықтан осы ұғымға қатысты метафоралық және метонимиялық таным екі тілде де ортақ және өзіндік ерекшеліктерді қатар көрсетеді [文旭 - Вэнь Суй, 2007: 142 б]. Метонимия метафораның негізі болып саналатындықтан, бұл зерттеуде талдау *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің метонимиялық қолданысынан басталады.

I. Қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* және ағылшын тіліндегі *“mouth”* сөздерінің тамақ жейтін ауыз ретінде яғни адамды танымдық бейнелеуі.

(1) Ағылшын тіліндегі “mouth” пен қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің «тағам тұтынушысын» яғни «адам» бейнесін білдіруі

Ауыздың ең негізгі қызметі – тамақтану. Тамақ ішпей адам өмір сүре алмайтындықтан, ауыз адам денесіндегі аса маңызды мүшелердің бірі болып табылады. Сол себепті адам бейнесін ашып көрсету үшін жиі ауызға қатысты сөздер кеңінен қолданылады. Осы мәселені біз қытай және ағылшын тілдеріндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* және *“mouth”* сөздеріне байланысты мысалдар арқылы ашып көрсететін боламыз [张卫静 - Джан Вэй цзинь, 2009: 205 б]. Қытай тіліндегі мысалдар тура және ауыспалы мағынасымен төмендегі 1-кестеде көрсетіледі.

Ағылшын тіліндегі *“mouth”* сөзіне байланысты мысалдарды, олардың теңеулік мағыналарын ашып көрсету үшін біз контексте беруді жөн көрдік. Мысалы: Now there would be *another mouth to feed*. Осы сөйлемдегі *another mouth to feed* тіркесі тура мағынада *«тағы бір ауыздың барын»* айтса, ауыспалы мағынада *«тағы бір адамды асырау керектігін»* білдіріп тұр; *We must*

keep down the number of useless mouths. Мысалдағы *useless mouths* тіркесі тура мағынасында *«пайдасы жоқ ауыз»* болса, ауыспалы мағынада *«еңбек етпейтін, жатып ішер адамдарды»* теңеп көрсетеді екен; Келесі бір мысал The world will not be able to support all these *hungry mouths* - тура мағынасында *«ашыққан ауыздар»* ды білдірсе, ауыспалы мағынада *«аш адамдар»* деген мағынада қолданылады [Collins dictionaries, 2025]. Осылайша, қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* және ағылшын тіліндегі *"mouth"* сөздері метонимия арқылы тағам тұтынушыны, яғни адамды білдіретін танымдық қызмет атқарады екен.

1-кесте

Қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзіне байланысты мысалдардың тура және ауыспалы мағыналары

Мысалдар	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
养家糊口 - yǎngjiāhúkǒu	Отбасын асырап, ауыздарына ас салу	Отбасын асырау
拉家带口 - lājiādàikǒu	Отбасын ертіп, ауыздарын да ала жүру	Бала шағасымен бірге келу (бару, жүру)
口多食寡 - kǒuduōshíguǎ	Тамақ аз, бірақ жейтін ауыз көп	Ас ауқаттың жетіспеушілігі
众口嗷嗷 - zhòng kǒu áo'áo	Бәрінің ауызы жабылмау	Тамақ сұраған ауыздың көптігі
黄口孺子 - huáng kǒu rúzǐ	Ана сүті ауызынан кетпеген бала	Тәжірибесіз адам

(2) Қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* және ағылшын тіліндегі *"mouth"* сөздері теңеу мағынада адамның сөйлеу қызметін танымдық бейнелеуі.

Ауыздың тағы бір маңызды қызметі – сөйлеу. Сондықтан *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздері теңеу мағынада сөйлейтін адамды білдіру үшін қолданылады. Қытай тілінде "*名嘴 - míng zuǐ*" тура мағынасында *«атақты ауыз»* болса, ауыспалы мағынада *«белгілі танымал тележүргізушіні»* білдіреді, ал Қытайдың Орталық телеарнасындағы (CCTV) жүргізушілерін *国嘴 – guózuǐ* - тура мағынада *«мемлекеттің ауызы»* дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада *«мемлекеттік теле арна жүргізушісі (диктор)»* деген мағынаны білдіреді. *众口一词* - zhòngkǒuyīcí - тура мағынасында *«көп ауыз, бір сөз»,* ал ауыспалы макғынада *«бір ауыздан айту, бір пікірге келу»* деген мағынада қолданылады. *多口相声 - duōkǒuxiàngshēng*-тура мағынасында *«көп адам айтатын сяншэн»* (сяншэн - *相声 - xiàngshēng* қытай мәденмиетіне ғана тән, негізінде Stand-up формасына ұқсас жанр, көп адам қатысатын әзіл-сықақ), *"单口相声 - dānkǒu xiàng shēng"* (жеке орындаушының әзіл- сықақ әңгімесі), *万口一谈* – wànkǒuyītán - тура мағынада *«мың ауыз бір әңгіме»* болса, ауыспалы мағынада *«ортақ пікірге келу»*, осы мысалдағы фразеологизмдерде *"口 – kǒu - ауыз"* сөзі сөйлейтін адамдарды білдіреді [成语大词典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021: 1353 б.].

Ағылшын тілінде де *"mouth"* сөзі сөйлейтін адамды теңеп көрсете алады. Оны біз төмендегі 2-кестедегі мысалдардан көре аламыз.

Ағылшын тілінде *"mouth"* сөзі *mouth to mouth - ауыздан ауызға*, *mouth of the House - үйдің ауызы, сөйлеушісі, the big mouth - ойланбай сөйлеуші* сияқты тіркестерде қолданылып, сөйлеушіні білдіреді екен. Қытай және ағылшын тілдеріндегі «ауыз» ұғымына байланысты сөздерден жасалған тіркестер сөйлеуші адамды теңеп көретуде қолданылады.

(3) Ағылшын тіліндегі "mouth" сөзінің адамның бет бейнесін, түр әлпетін теңеп көрсетуі. Ағылшын ауызекі тілінде *"mouth"* сөзі *«ерсі қимыл, қисық қылық, бет-әлпеттегі оғаш қимыл, ерсі мимика»* мағынасында да қолданылады. Бұл *"mouth - ауыз"* арқылы тұтас бетті білдіру, яғни бөлшек арқылы бүтінді атау (бөліктен тұтасқа) типіндегі метонимия. Мысалы, *make a*

mouth - тура мағынасында «ауыз жасау» болса, ауыспалы мағында «бет бұрмалау, қисаю, ерсі қимыл жасау» дегенді білдіреді, *meet sb in the mouth* - тура мағынада *«біреуді ауызда жолықтыру»* болса, ауыспалы мағынада *«біреумен бетпе-бет, тура жолығу»* дегенді білдіреді [Reverso Context, 2026].

2-кесте

Ағылшын тіліндегі *"mouth"* сөзінің сөйлейтін адамды теңеп көрсетуіне қатысты мысалдар

Мысалдар	Тұрақты тіркестер	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
The news spread like wildfire *from mouth to mouth*	Mouth to mouth	Ауыздан ауызға	Жаңалықты таратушы
He is *the mouth of the House* in its relation with the crown	Mouth of the House	Үйдің ауызы	Сөйлеуші өкіл немесе ресми спикер
Ashley, *the big mouth*, told Mrs. Henning … Dani's dad had brought her to school	The big mouth	Үлкен ауыз	Ойланбай сөйлейтін, ауызы жеңіл адам
Kellerman has been phoning people up about George, and giving him *the bad mouth* all over town	The bad mouth	Жаман ауыз	Біреуді жамандап, өсек таратын адам

Қытай тілінде *"口 - kǒu, 嘴 - zuǐ- ауыз"* сөздері тұтас бет - әлпетті білдіру үшін қолданылмайды. Дегенмен *"嘴脸 - zuǐliǎn"* сөзі «бет - бейне, түр - тұлға» мағынасында жұмсала алады.

II. Ағылшын тіліндегі "mouth" және қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздерінің метафоралық танымдық ерекшеліктері.

(1) Ағылшын тіліндегі "mouth" және қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздерінің эмоция мен көзқарас (қатынас) доменіне проекциялануы

Адамның эмоциясы – өте абстрактілі ұғым, бірақ ол көбіне адамның бет- әлпетінде көрініс табады. Адамның бет әлпетінде ауыз – қозғалыс ауқымы ең кең әрі мимикалық өзгерістерге ең бай бөлік. Ауыз қимылы адамның ішкі сезім- күйінің өзгерісін бейнелей алатындықтан, *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздері эмоция мен қатынас доменіне метафоралық түрде проекцияланады (3-кесте).

3- кесте

Қытай тіліндегі "口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз" сөзінің эмоцияны білдіруі

Мысалдар	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
目瞪口呆 - mùdèngkǒudāi	Көзі бақырайып, ауызы ашылып қалу	Қатты таңқалу
张口结舌 - zhāngkǒujiéshé	Ауызы ашылып, тілі күрмелу	Не айтарын білмеу, сасып қалу
口沸目赤 - kǒu fèi mù chì	Ауызы қайнап, көзі қызару	Қатты ашулану
抿嘴微笑 - mǐn zuǐ wéixiào	Ерінін жиырып жымию	Сыпайы күлу
撅嘴 - juē zuǐ	Ерінін шошайту	Балаша ренжу

Қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзі арқылы адамның таңдану, сөз таппай қалу, ашулану, күлу, ренжу сияқты әртүрлі эмоцияларын білдіреді. Сол сияқты, ағылшын тілінде де *"mouth"* сөзі қатысатын бірқатар тұрақты тіркестер эмоция мен көзқарас доменіне проекцияланады. *Down in the mouth* - тура мағынасында *«ауызға түсу»* болса, ауыспалы мағынада *«аузы салбырап, көңілсіз, жабырқау күйді»* білдіреді; laugh on the wrong side of the *mouth*- тура мағынада «ауыздың дұрыс емес бөлігі» болса, ауыспалы мағынада «қабағы түсіп, жыламсырап тұрған кейіпті, әсіресе көңіл күйдің қуаныштан кенеттен қайғыға ауысқан жағдайды» сипаттайды; have one's heart in *one's mouth* - тура мағынада «біреудің жүрегін

ауызда ұстау» дегенді білдірсе, ауыспалы мағынада *«қатты қорқу, жанұшыра алаңдау, қатты таңғалу»* сезімін білдіреді; *with open mouth* - тура мағынада *«ауызы ашылып қалу»* болса, ауыспалы мағынада *«аң-таң болып, аузы ашылып қалу»; foam at the mouth* - тура мағынасы *«ауызынан көбік ағу»,* ауыспалы мағынада *«өте қатты ашулану»* дегенді білдіреді.

(2) Ағылшын тіліндегі *"mouth"* және қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздерінің әлеуметтік қарым-қатынас доменіне проекциялануы

"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз" - жан-жануарлардың дыбыс шығару мүшесі, оның негізгі қызметтерінің бірі – сөйлеу, тілдесу. Әлеуметтік қарым-қатынаста адамдар ауызға қатысты танымды қоғамдағы өзара әрекеттестіктің түрлі қырларына метафоралық түрде көшіреді, соның нәтижесінде жаңа мағыналар қалыптасады.

Ең алдымен, *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзі арқылы сөз, тіл, сөйлеуді білдіріп қана қоймай сонымен бірге адамдар ара қарым- қатынастың әр түрлі тұстарын да көрсетеді. Қытай тілінде мұндай қолданыстар өте көп және олардың көбі жағымсыз реңкке ие. Төмендегі 4-кесте арқылы біз *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзінің адамдардың қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі ерекшеліктерін мысалдар арқылы ашып көрсеттік.

4-кесте

"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз" сөзі адамдар қарым-қатынасының түрлі тұстарында қолданылуы

Қарым-қатынас түрлері	Мысалдар	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
Даңғаза бос сөйлейтін адам	说嘴郎中 -shuōzuǐlángzhōng	Ауызбен емдейтін дәрігер	Пуызбен орақ ору
Ауызына ие болмайтындар	嘴没分寸 - zuǐ méi fēncùn; 嘴转不过弯来 - zuǐ zhuǎn bùguò wān lái	Ауызында өлшем жоқ; ауызы бұрыла алмайтын	Ауызына ие болмау; ойланбай сөлйеу
Жауап беруге дайын адамдар	答嘴 - dá zuǐ; 接口 - jiēkǒu	Жауап беріп отыру	Сөзге сөз қосу; сөзді іліп әкету
Әңгімеге қыстырылатындар	插嘴 - chāzuǐ	Ауызға қысу	Әңгімеге қыстырылу
Дауласып кететіндер	口角 - kǒujiǎo, 争嘴 - zhēng zuǐ, 吵嘴 - chǎozuǐ, 斗嘴 - dòuzuǐ,顶嘴 - dǐngzuǐ, 反嘴 - fǎn zuǐ, 还嘴 - huán zuǐ	Ауызбен соғысу, сөз қайтару	Ұрыс керіс бастау, дауласу, сөзге келу
Жағымды қарым-қатынас	口彩 - kǒu cǎi	Түрлі-түсті ауыз	Жақсы сөз, берекелі сөз
Дөрекілік	恶口 - è kǒu; 逗嘴 - dòu zuǐ	Жаман ауыз; ауызбен ойнау	Қарғыс; қалжыңдау

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзі адамдар ара қарым-қатынастардың әртүрлі қырын көрсететіні белгілі болды. Қарым қатынаста бос сөйлейтін адамдарды *说嘴郎中 - shuōzuǐlángzhōng* [成语大辞典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021], ауызына ие болмайтындарды - *嘴没分寸 - zuǐ méi fēncùn*, үнемі жауап беруге дайын тұратындарды, ойланбай сөйлейтіндерді - *答嘴- dázuǐ,* әңгімеге қыстырыла беретіндерді - *插嘴 - chāzuǐ,* дауласуға дайын тұратындарды - *吵嘴 - chǎozuǐ, 恶口 - èkǒu* немесе *逗嘴 - dòuzuǐ* - үнемі дөрекілік танытатын адамдарға; *口彩 - kǒucǎi* жағымды қарым-қатынас жасай білетіндерді айтуда қолданады екен. Ал ағылшын тілінде *"mouth"* сөзі тілде «сөз, тіл және сөйлеу» мағыналарында да қолданылады. Мысалы: Names came up … and she remembered them *in her father's mouth.* Сөйлемдегі *in her father's mouth* тура мағынасында *«әкесінің ауызында» болса,* ауыспалы мағынада *«әкесінің сөзі, әкесінің айтқандары»* деген мағынада қолданылады; Алайда ағылшын тілінде *"mouth"* көбіне *«қатал, дөрекі немесе*

ренжіткен сөздерді айту» мағынасында қолданылады, Watch your *mouth,* - мысалындағы *mouth* тура мағынасында *«ауыз»* болса, ауыспалы мағынада *«ауыздан шыққан сөзді»* білдіреді де, ауызыңа ие бол деген мағынада қолданылады; I don't want any *mouth* from you. Осы сөйлемдегі *mouth* сөзінің тура мағынасында *«ауыз»* болса, ауыспалы мағынада «сөз» деген мағынада қолданылып тұр. Яғни ағылшын тілінде де *mouth* сөзі адамдар ара қарым-қатынастағы сөз, сөйлеу мәнерінің сыпайылығы, дөрекілігі тараптарын білдіруде де қолданылады екен.

(3) Қытай тілінде *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөзі метафоралық түрде сөйлеу мәнерін білдіре алады. Мысалы: *«防民之口，甚于防川 - fángmínzhīkǒu, shènyúfángchuān*» тура мағынасында *«халықтың ауызын жабу өзен бөгуден қиын»,* ал ауыспалы мағынада *«халықтың пікірін, сөзін күшпен тоқтату өте қауіпті және тиімсіз»* деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар сөйлеуде ұялуды *口羞 - kǒuxiū,* жағымды сөйлеуді *口德 - kǒudé* деспе, жағымсыз сөйлеуді *"挑嘴 - tiāozuǐ"* (жалған айту, айқайлау), *"信口开河 - xìnkǒukāihé"* (шамадан тыс сөйлеу), *"信口雌黄 - xìnkǒucíhuáng"* (қателесіп айту), *"血口喷人 - xuèkǒupēnrén"* (зор сөздер айту, айыптау) тіркестері арқылы білдіреді екен [成语大词典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021]. Қытай тіліндегі *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздеріне байланысты тұрақты тіркестер де кеңінен қолданылады, біз сондай 15 тұрақты тіркестерді, олардың тура және ауыспалы мағынасымен төмендегі 5-кестеде ашып көрсетеміз.


5-кесте

Қытай тілінде *"口 - kǒu, 嘴 – zu ǐ- ауыз"* сөзі арқылы сөйлеу мәнерін білдіретін метафоралар жиынтығы

Мысалдар	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
口里摆菜碟儿 - kǒulǐbǎicàidiéer	Ауызының ішіне тәрелке салып алу	Сөйлеуі түсініксіз, мүдіріп, анық айтпайды; аузы «толып» тұрғандай сөйлейді
嘴巴没后门 - zuǐbāméihòumén	Ауыздың «арытқы есігі» жоқ	Құпия сақтай алмайды; айтылған сөздің бәрі сыртқа шығып кетеді
嘴巴罩走了- zuǐbāzhàozǒulehuǒ	Ауызынан от шығу	Артық сөйлеп қойды; байқамай дөрекі сөз айтып қойды
嘴都生锈了- zuǐdōushēngxiùle	Ауыз тот басып кетті	Бір нәрсені қайта-қайта айта бергеннен шаршау; қанша айтса да әсер етпеу
嘴皮子都磨破了- zuǐpízǐdōumópòle	Ерін қажалып кетті	
嘴都起茧了- zuǐdōuqǐjiǎnle	Ауызға сүйел шықты	
嘴里装火药 - zuǐlǐzhuānghuǒyào	Ауыздың ішінде оқ-дәрі бар	Өте ашулы, сөйлесе болды «атылып» кетеді; ашумен сөйлейтін адам
说漏嘴- shuōlòuzuǐ	Ауызынан ағып кету	Құпияны сақтай алмау
乌鸦嘴- wūyāzuǐ	Қарға ауыз	Жаман сөз айтатын, «жаман болжам» жасап жүретін адам; сөзі сәтсіздік әкеледі деп есептеледі
晦气嘴- huìqìzuǐ	Жаманшылық шақыратын ауыз	
刻薄嘴- kèbózuǐ	Қатігез (өткір) ауыз	Өткір ащы тіл; ұрысқақ, дөрекі сөйлейтін адам
泼妇嘴- pōfùzuǐ	Ұрысқақ әйелдің аузы	
婆婆嘴- pópozuǐ	Кемпірдің аузы	Көп сөйлейтін, қайта-қайта ескерте беретін адам
嚼舌嘴- jiáoshézuǐ	Тілді шайнаған ауыз;	Өсекші, сөз тасушы
松紧嘴- sōngjǐnzuǐ	Резинке ауыз	Құпия сақтай алатын (紧嘴) немесе сақтай алмайтын (松嘴) адам

Ағылшын тілінде де ұқсас тіркестер бар, бірақ қытай тіліндегі сияқты бай емес. Ағылшын

тілінде шамадан тыс, сенімді сөйлеуді *shoot off one's mouth* [Collins dictionaries, 2025]; сенімді сөйлеп, шындықты айтуды *open one's mouth wide*; өз-өзін ұстап, сөйлеуден тыйылуды *button (up) sb's mouth*; көп сөйлеп, іс тындырмайтындарды *be all mouth and trousers* тіркестері арқылы білдіреді екен. Сонымен қатар қытай тілінде *«口 – kǒu - ауыз»* сөзі сөйлеудің мәнерін, реңін, мәнін де білдіре алады. Төменде берілген 2-суретте *口- kǒu* сөзінің сөйлеу мағынасындағы қолданысын көрсетеді.



2-сурет. Қытай тіліндегі *口 - kǒu* сөзінің сөйлеу мағынасындағы қолданысы

"口 - kǒu - ауыз" сөзі сөйлеу мәнерін білдіргенде *口气 - kǒuqì* тіркесі арқылы сөйлеудің тоны, эмоциялық реңкін білдірсе, *口吻 - kǒuwěn* тіркесі арқылы сөйлеудің стилі, мәнерін білдіреді; *口风 - kǒu fēng* - сөзден байқалатын ниетті, сөздің астарын және бағытын білдіреді екен.

(1) Тұлға/сипат домені (адамның мінезі, кейіпі). Сөйлеу адамның мінез-құлқын көрсетеді. Сондықтан *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздері тұлға мен мінез доменіне метафоралық түрде проекцияланады (6-кесте).

Адам ойы шексіз болғандықтан кейде айтылған сөздер ішкі оймен сәйкес келмеуі де мүмкін. Қытай тілінде осындай мысалдардың да бірыспрасы бар. Мысалы: *嘴甜心苦 - zuǐtiánxīnkǔ*-тура мағынасында «аузы тәтті, жүрегі ащы», ауыспалы мағынада «сырттай жылы сөйлеп, іштей жаман ойлайтын, екіжүзді адам». *佛口蛇心 – fókǒushéxīn* - тура мағынасында «будданың аузы, жыланның жүрегі», ал ауыспалы мағынада «сырттай мейірімді, бірақ іші зұлым; діндар кейіп танытып, жаман ниет ұстау» [成语大词典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021]. *口不应心 – kǒubùyìngxīn* - тура мағынасы *«ауыз жүрекке сәйкес келмейді»*, ауыспалы мағынасы *«сөзі мен ойы бір емес; шын сезімін білдірмейді». 口是心非 – kǒushìxīnfēi* - тура мағынасы *«ауыз - иә дейді, жүрегі қаламайды»*, ал ауыспалы мағынада *«екіжүзді, айтқаны мен ойы сәйкес келмейді». 口蜜腹剑 - kǒumìfùjiàn*-тура мағынасы *«аузы бал, іші қылыш»* болса, ауыспалы мағынада *«жағымды сөйлеп, артынан зиян келтіретін, сатқын мінезді адам». 刀子嘴 - dāozǐzuǐ, 豆腐心 - dòufu xīn* тура мағынасы *«ауызы пышақтай, жүрегі тофудай»* болса, ауыспалы мағынада *«өте ащы тілді, қатты сөйлейтін»* адамдарды айтса керек.

Қытай тіліндегідей емес ағылшын тілінде *«mouth»* сөзі тұлға доменіне сирек проекцияланады: *a close/sweet mouth* - тура мағынасында *«жабық ауызды адамдарды»* білдірсе, ауыспалы мағынада *«сыр сақтайтын, көп сөйлемейтін адам»* дегенді білдіреді.

Mouthy тура мағынасында *«ауызға қатысты»* (формалды тура мағынасы сирек қолданылады), ал ауыспалы мағынада *«тым көп сөйлейтін, дөрекі жауап қайтаратын, тіл тигізуге бейім адам». Honey - mouthed and dagger - hearted* тура мағынасында *«аузы бал, жүрегі қанжар адамды»* білдірсе, ауыспалы мағынада *«сырттай жылы сөйлеп, іштей зұлым ниет ұстанатын, екіжүзді адамды»* білдіреді.

6-кесте

Қытай тілінде *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* теңеулерінің концептуалдық белгілері

Концептуалдық белгісі	Мысалы	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
Адамдармен жиі сөйлесіп, білгісі келгенді сұраушы	嘴勤 - zuǐ qín	Тұрақты сөйлеуші	Сөзге белсенді, адамдармен тез тіл табысатын
Сөйлеуге ұялу	嘴懒 - zuǐ lǎn	Аузы жалқау	Аз сөйлейтін, пікір білдіруге құлықсыз
Сөйлеуге сақтықпен қарау	口紧 - kǒu jǐn	Аузы тығыз, берік	Сыр сақтайтын, құпияны ашпайтын
	嘴严 - zuǐ yán		
	嘴紧 - zuǐjǐn		
	口稳 - kǒu wěn		
Ашық, тура сөйлесу	嘴直 - zuǐzhí	Аузы пышақтай өткір	Турашыл, ойын жасырмай айтатын
	口直 - kǒu zhí		
	嘴快 - zuǐkuài		
Қатаң сөйлеу, мойындамайтын мінез	口硬 - kǒu yìng	Аузы қатты	Мойындамайтын, қырсық, айтқанынан қайтпайтын
	嘴硬 - zuǐyìng		
	嘴打人 - zuǐ dǎ rén	Ауызбен ұру	Сөзбен ренжіту, тілмен тиісу
	钉嘴锣舌 - dīng zuǐ luó shé	Шегедей ауыз, қоңыраудай тіл	Өте өткір тілді, сөзге шешен, бірақ кейде ащы сөйлейтін
Жұмсақ сөйлеу	嘴软 - zuǐruǎn	Аузы жұмсақ	Жұмсақ мінезді, тез келісетін
	嘴短 - zuǐ duǎn	Аузы қысқа	Біреуден пайда көрген соң қарсы сөз айта алмайтын (қарыздар сезіну)
Шебер сөйлейтін адам	嘴强 - zuǐ qiáng	Аузы күшті	Сөзге мықты, айтыста жеңілмейтін
	嘴巧 - zuǐ qiǎo	Аузы икемді	Шешен, сөзге шебер
Тілін білмейтін, баяу сөйлейтін	嘴钝 - zuǐ dùn	Аузы доғал	Сөзге шорқақ
	嘴笨 - zuǐbèn	Аузы ебедейсіз	Ойын жеткізе алмайтын
	拙口钝腮 - zhuō kǒu dùnsāi	Ебедейсіз ауыз, доғал жақ	Шешен емес, сөзге жоқ адам
Көп сөйлейтін, қауесет тарататын	口多 - kǒuduō	Аузы көп, тілі ұзын	Өсекшіл, артық сөйлейтін
	嘴多舌长 - zuǐduōshézhǎng		
Тілі өткір, сыншыл	嘴尖 - zuǐjiān	Аузы үшкір	Ащы тілді, сынағыш
	嘴损 - zuǐsǔn	Аузы зиянды	Ренжітетін, мысқылшыл
	贫嘴薄舌 - pínzuǐbóshé	Жұтаң ауыз, жұқа тіл	Мазаққор, бос сөзге әуес
Жұмсақ, тәтті сөйлейтін	嘴甜 - zuǐtián	Аузы тәтті	Жағымды сөйлейтін, мақтай білетін
	嘴乖 - zuǐguāi	Аузы тәртіпті	Тілалғыш, жылы сөйлейтін
Жақсы әзіл айтатын, қалжыңшыл	嘴贫 - zuǐpín	Аузы кедей	Қалжыңқой, жеңіл-желпі сөйлейтін
Сөйлеу адамның ішкі әлемін көрсетуі мүмкін	心口如一 - xīnkǒu rúyī	Жүрек пен ауыз бірдей	Шыншыл, екіжүзді емес
	心直口快 - xīnzhíkǒukuài	Жүрегі түзу, аузы жылдам	Аққөңіл, бірақ ойланбай сөйлейтін

Осы кестені қорытындылай келе, біз қытай және ағылшын тілдеріндегі ауыз сөзіне байланысты теңеулердің лингвомәдени ерекшеліктерін төмендегідей тұжырымдадық. Біріншіден, қытай, қазақ және ағылшын тілдерінде «ауыз» концептісі антропоцентрлік дүниетанымның өзегінде орналасқан. Адам – тілдік жүйенің орталығы, ал «ауыз» адамның ішкі болмысы мен әлеуметтік мінез-құлқын сыртқа шығаратын орган ретінде символдық мәнге ие. Екі тілде де ауыз тек физиологиялық мүше емес, моральдық сапалардың, коммуникативтік мәдениеттің және тұлғалық қасиеттердің көрсеткіші ретінде концептуалданады.

Екіншіден, универсалдылық пен мәдени специфика қатар байқалады. Универсалдық сипат *«жабық ауыз» (嘴严 – tight – lipped - аузына берік), «ащы тіл» (sharp – tongued - тілі удай), «тәтті сөз» (silver – tongued - тілі майда)* сияқты соматикалық метафоралардың семантикалық ұқсастығы. Бұл адамның когнитивтік тәжірибесінің ортақтығын көрсетеді: сөйлеу әрекеті барлық мәдениеттерде әлеуметтік бағалаудың негізгі өлшемдерінің бірі. Алайда мәдени, ұлттық ерекшеліктер де айқын көрінеді. Қытай тіліндегі *嘴软, 嘴甜* тәрізді бірліктер әлеуметтік үйлесімділікке, коммуникативтік икемділікке басымдық беретін конфуциандық этиканың ықпалын көрсетеді. Ал ағылшын тілінде жеке тұлғаның автономиясы мен жеке пікірін ашық білдіру (to speak one’s mind) либералды философиялық дәстүрдің көрінісі ретінде байқалады.

Үшіншіден, бағалауыштық компонент ерекше рөл атқарады. «Ауыз» концептісі көбіне этикалық категориялармен (шыншылдық - екіжүзділік, ұстамдылық - өсекшілдік, жұмсақтық - қырсықтық) бинарлық оппозицияда беріледі. Бұл тілдік бейнелердің тек номинативтік емес, аксиологиялық (құндылықтық) қызмет атқаратынын дәлелдейді.

Қорытындылай айтқанда, «ауыз» концептісі екі тілде де адамның әлеуметтік жауапкершілігін, моральдық келбетін және қарым-қатынас мәдениетін бейнелейтін әмбебап антропоөзектік код болып табылады. Сонымен қатар әр мәдениетте бұл концепт ұлттық дүниетаным, философиялық дәстүр және тарихи-әлеуметтік тәжірибе арқылы өзіндік реңкке ие болады.

(2) Білім, интеллект домені. Адамның тілі ауызша немесе жазбаша оның сөйлеу қабілетін, яғни *口才*- kǒucái сөйлеу өнері және *文采* – wéncǎi - әдеби шеберлігінен көрсетеді. Бұл адамның интеллектінің бір қыры және білім деңгейін бейнелейді (7-кесте).

Ал ағылшын тілінде «mouth» бұл мағынаны бермейді; ауызша шеберлік пен әдеби қабілет: *be fluent and eloquent* - жақсы сөйлеу, *be of literary grace* - әдеби шеберлік, көркем сөйлеу деген мағынада қолданылады.

Бұл бірліктерде *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* концептісі сөйлеудің жылдамдығы,айқындығы, сыпайлығы сынды адамның эмоциясы мен мінезін білдіріп қана қоймайды. Сонымен қатар шешендік, эстетикалық мағынада, сөздің шеберлік мағыналарында және әлеуметтік ықпал категорияларымен тығыз байланысты болады екен. Қытай мәдениетінде сөздің құндылығы жоғары бағаланады: *口吐珠玑 - kǒutǔzhūjī* сияқты тіркестер сөйлеуді рухани байлықпен теңестіреді [成语大词典编委会 - Идиома сөздігінің редакциялық комитеті, 2021]. Сонымен қатар *耍嘴皮子 - shuǎzuǐpízi* тәрізді бірліктер сөз бен істің арасындағы алшақтықты сынға алады.

Ағылшын тіліндегі *“mouth”* және қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің метонимикалық (жасырын және ауыспалы) және метафоралық танымдық ерекшеліктерін салыстырмалы талдау.


Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, ағылшын тіліндегі *“mouth”* және қытай тіліндегі *“口- kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздерінің метонимикалық салыстырмалы ерекшеліктерін 3-суреттегі схемалық түрде көрсетуге болады.

7-кесте


Қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”*сөздеріне байланысты тұрақты тіркестердің концептуалдық белгісі

Концептуалдық белгісі	Мысалдар	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
Сөйлеу тоқтамай, шапшаң	口沸 - kǒufèi	Ауыз қайнау	Қатты ашуланып сөйлеу, сөзге келіп айтысу (дау-дамай жағдайы)
Айқын, түсінікті сөйлеу	嘴清舌白 - zuǐ qīng shé bái	Аузы таза, тілі ақ	Анық, түсінікті сөйлейтін; сөзі дәлелді, айқын
Сөйлеу өнерін көрсету	耍嘴皮子 - shuǎzuǐpízi	Ерін терісін «ойнату»	Бос сөз айту, сөзбен ғана шектелу; іске көшу емес, тек сөйлей беру
Жақсы сөздік қабілет	好嘴皮子 - hǎo zuǐpízi	Жақсы ерін	Шешен, сөзге шебер, адамдарды сөзбен иландыра алатын
Түрлі лексикалық тіркестер, сөйлеу шеберлігін сипаттайды	口齿幽默 - kǒuchǐ yōumò	Ауыз бен тіс - әзіл	Сөзінде юмор бар, тапқыр сөйлейтін
	口吐珠玑 - kǒu tǔ zhūjī	Ауыздан інжу- маржан төгу	Өте көркем, әсерлі, құнды сөз айту; даналықпен сөйлеу
	口角春风 - kǒujiǎo chūnfēng	Ауыз бұрышында көктем желі	Жылы жымиып, мейірімді сөйлейтін; жағымды әсер қалдыратын сөз
	口若悬河 - kǒuruòxuánhé	Ауыз аспалы өзендей	Тоқтаусыз, еркін, судай ағылып сөйлеу; шешендік
	口齿伶俐 - kǒuchǐ línglì	Ауыз бен тіс шапшаң	Тілі жатық, тез әрі анық сөйлейтін, тапқыр адам
	三寸鸟 - sān cùn niǎo	Үш қарыс құс	(Астарлы мағынада) шағын болса да, тілі өткір, сөзге жүйрік адам; кейде «тіл» метафорасымен байланысты қолданылады
	七寸嘴 - qī cùn zuǐ	Жеті қарыс ауыз	Ұзын тіл, көп сөйлейтін немесе сөзге өте шебер адам (контекстке қарай оң немесе теріс реңк береді)
Көзқарасты білдіру	口径 - kǒujìng	Ауыздың диаметрі, тесіктің өлшемі (мысалы, құбырдың, бөтелкенің, қарудың аузы)	Ресми ұстаным, ортақ көзқарас, келісілген пікір

Кестеден көргеніміздей, ағылшын тіліндегі *“mouth”* және қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”*сөзіне байланысты тұрақты тіркестердің метонимиялық қолданысын Z таңбасымен белгілеп көрсету арқылы біз осы екі тілде де «ауыз» ұғымы тағам тұтынушысы және сөйлеуші адам ретінде қолданылатынын көре аламыз. Бұл екі тілге ортақ. Мысалы: *养家糊口-yǎngjiāhúkǒu* тура мағынасында *«үйді бағып, тамақ жегізу»,* ауыспалы мағынада *«отбасын асырау»*; Ағылшына тілінде *feed one’s mouth* тура мағынасында «ауызын тамақпен толтыру» болса, ауыспалы мағынада «тамақтандыру». Екі тілде де отбасындағы адамдарды асырау мағынасында қолданылып тұр. Ал ағылшын тілінде *“mouth”* ұғымы адамның бет- бейнесі мен түр әлпетін білдіруде қолданылады. Бұл ұғым қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөздеріне байланысты емес. Мысалы: *straight mouth*, down turned mouth, smiling mouth, upturned mouth сияқты тіркестер арқылы адамның көңіл күйіне байланысты бет әлпетінің өзгерісін білдіруде қолданылады екен (4-сурет).



3-сурет. Ағылшын және қытай тілдеріндегі «ауыз» ұғымына байланысты тұрақты тіркестерді. Метафорлық (жасырын) салыстыру схемасы



4-сурет. Ағылшын және қытай тілдеріндегі «ауыз» ұғымына байланысты тұрақты тіркестерді метафорлық (жасырын) салыстыру схемасы

Аталған тілдердегі «ауыз» ұғымына байланысты тұрақты тіркестерді метафоралық тұрғыдан салыстыра келе, біз екі тілдегі тұрақты тіркестердің проекциялануында ұқсастықтар мен айырмашылықтардың барын анықтадық. Егер концептуладық белгіні Y әріпімен белгілейтін болсақ, Y1 адам эмоциясы мен көзқарасын білдіру домені ағылшын және қытай тілдеріне ортақ екендігін көре аламыз; ал Y3 сөйлеу мәнері болса, қытай тілінде *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөзіне байланысты тұрақты тіркестер сөйлеудің айқын, ашық сөйлеу, жағымды немесе жағымсыз сөйлеу, сөз саптау шеберлігі сияқты домендерге проекцияланып адамдардың сөйлеу мәнерін көрсетеді екен, міне бұл тек қытай тіліне ғана тән ерекшелік.

Ал білім, интеллект домены де тек қытай тіліндегі *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* ұғымына ғана байланысты болады. Сөздің астарлы мәні, ауызша тәсіл, көзқарас, сөйлеу өнері, әдеби шеберлік арқылы адамның ақыл ойын, білімін ашып көрсетеді.

Екі тілдегі теңеулердің басым көпшілігі адамның денелік тәжірибесіне (embodiment) негізделген. Ауыз адамның сөйлеу, тамақтану және эмоция білдіру қызметін атқаратындықтан, оған қатысты теңеулер адамның сыртқы бейнесін ғана емес, мінез-құлқын, қарым-қатынасын және бағалауыш көзқарасын да білдіреді. Сондықтан да біз ағылшын тіліндегі mouth және қытай тілінде *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөзіне байланысты теңеулерінің концептуалдық белгілерін салыстырып, төмендегі кесте арқылы ашып көрсеттік (8-кесте).

8-кесте

Ағылшын тіліндегі mouth және қытай тілінде *“口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз”* сөзіне байланысты теңеулерінің концептуалдық белгілері

Концептуалдық белгісі	Мысалы	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы	Когнитивтік уәждемесі
Сұлулық	Her mouth is like a rosebud	Раушан бүршігіне ұқсас ауыз	Нәзік, әдемі әйел бейнесі	Гүл - сұлулық концептісі
	樱桃小嘴- Yīngtáo xiǎo zuǐ-	Шиедей кішкентай ауыз	Әдемілік, нәзіктік	Жеміс - эстетикалық идеал
Пішін	His mouth is as wide as a cave	Үңгірдей үлкен ауыз	Өте үлкен ауыз	Көлем арқылы сипаттау
	嘴巴像河马一样大	Бегемоттай үлкен ауыз	Ірі ауыз	Жануар бейнесі
Сөйлеу ерекшелігі	He talks like a machine gun.	Пулемет сияқты сөйлеу	Өте жылдам, тоқтамай сөйлеу	Қару -сөйлеу қарқыны
	嘴像机关枪一样	Автомат сияқты ауыз	Көп сөйлеу	Қазіргі мәдени концепт
Мінез	Her mouth is as sharp as a knife	Пышақтай өткір ауыз	Ащы, дөрекі сөз	Өткір зат - өткір сөз
	嘴像刀子一样	Пышақтай ауыз	Тілінің өткірлігі	Пышақ -сөздің әсері
Сөйлеу мәдениеті	Her words are as sweet as honey	Балдай тәтті сөз	Жағымды сөйлеу	Бал - жағымды эмоция
	嘴像蜜一样甜	Балдай тәтті ауыз	Жылы сөз	Бал - мейірімділік
Қарым-қатынас	His mouth is shut like a clam	Қабыршақтай жабық ауыз	Үндемеу	Жабық қабыршақ – үнсіздік
	嘴闭得像蚌壳一样	Қабыршақтай жабық ауыз	Сыр сақтайтын адам	Табиғи объект
Эмоция	His mouth hung open like a fish	Балықтай ашық ауыз	Таңғалу	Жануар бейнесі
	张着嘴像一条鱼	Балықтай ашық ауыз	Қатты таңдану	Ұқсастық

Кестеде көрсетілген мысалдар ағылшын және қытай тілдеріндегі mouth – 口/嘴 теңеулерінің бірнеше концептуалдық модельге негізделетінін көрсетеді. Бірінші топқа сыртқы пішін мен сұлулықты сипаттайтын теңеулер жатады (*rosebud, 樱桃小嘴, 花瓣*). Бұл теңеулерде ауыз адамның сыртқы келбетін бейнелейтін эстетикалық концепт ретінде көрінеді.

Екінші топ сөйлеу әрекетін сипаттайтын теңеулерден тұрады (*machine gun, radio, 机关枪, 广播*). Мұнда ауыз тек физиологиялық мүше емес, коммуникация құралы ретінде концептуалданады. Екі тілде де сөйлеудің қарқыны, көптігі немесе әсері техника атаулары арқылы бейнеленеді.

Үшінші топқа мінез-құлық пен эмоцияны білдіретін теңеулер кіреді (*knife, honey, clam, fish, pig*). Бұл модельдер адамның сөйлеу мәдениетін, мінезін және эмоционалдық күйін бағалау үшін қолданылады. Мұндай қолданыстар адамның күнделікті тәжірибесіне негізделген әмбебап когнитивтік модельдердің нәтижесі болып табылады.

Сонымен қатар кестеде ағылшын және қытай тілдерінде концептуалдық ұқсастықтардың басым екенін көрсетеді. Екі тілде де теңеулердің басым бөлігі адамның физиологиялық тәжірибесіне сүйенеді және «ауыз – сөйлеу», «ауыз – эмоция», «ауыз – мінез», «ауыз – сұлулық» сияқты ортақ концептуалдық модельдерді қалыптастырады. Алайда олардың бейнелік негізі (образдық компоненті) ұлттық мәдениетке тәуелді ерекшеленеді. Мысалы,

ағылшын тілінде әйел сұлулығы көбіне rosebud арқылы сипатталса, қытай тілінде дәстүрлі эстетикалық идеал 樱桃小嘴 («шиедей кішкентай ауыз») бейнесі арқылы беріледі.

Қорытындылай келе, қытай тілінде *"口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - ауыз"* сөздерінің метафоралық ауқымы ағылшын *"mouth"* сөзінен кең, әрі өнімділігі жоғары. Екі тілде де форма немесе заттар, эмоция және қатынас, әлеуметтік статус және тұлға домендеріне проекцияланады; бірақ қытай тілінде қосымша білім және интеллект доменіне де проекцияланады (сөйлеу өнері, әдеби шеберлік, ой-пікір қатпарларымен).

Қорытынды

Қытай тіліндегі "口 (kǒu), 嘴 (zuǐ)" және ағылшын тіліндегі "mouth" сөздеріне қатысты тұрақты тіркестерді метафоралық және метонимиялық тұрғыдан салыстыра талдау нәтижесінде екі тілдегі бұл лексемалардың адамның әмбебап когнитивтік тәжірибесіне негізделетіні анықталды. Екі тілде де мағыналық кеңею ауыздың пішіні, қызметі және әрекет ету ерекшеліктері негізінде жүзеге асады. Соның нәтижесінде *mouth*, 口 және 嘴 сөздері тек адамның дене мүшесін ғана емес, азық тұтынушыны, сөйлеушіні, пішіндік немесе функционалдық ұқсастықты, эмоциялық күйді, қарым-қатынас әрекетін және адамның мінез-құлқын білдіретін когнитивтік модельдер ретінде қызмет атқарады. Бұл құбылыс ағылшын және қытай тілдеріндегі тілдік бірліктердің адамның ортақ физиологиялық және танымдық тәжірибесіне сүйенетінін көрсетеді.

Сонымен бірге зерттеу барысында екі тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктері де айқын байқалды. Қытай тіліндегі 口 және 嘴 лексемаларының семантикалық өрісі анағұрлым кең болып, олар сөздің астарлы мағынасын, ауызша баяндау тәсілін, көзқарасты, шешендік қабілетті, әдеби шеберлікті, сондай-ақ білім мен интеллект концептілерін білдіруде белсенді қолданылады. Ал ағылшын тіліндегі mouth сөзі қосымша бет бейнесін және ауыздың қимыл-әрекетін білдіретін мағыналарды дамытқан. Бұдан қытай тіліндегі 口 және 嘴 сөздерінің семантикалық өнімділігі жоғары екендігі байқалады, ал ағылшын тілінде осы мағыналардың бір бөлігі lip, tongue сияқты басқа соматикалық лексемалар арқылы беріледі. Бұл ерекшелік екі тілдің лексикалық жүйесі мен ұлттық дүниетанымының өзіндік сипатын айқындайды.

Жүргізілген концептуалдық талдау мен теңеулерді салыстыру нәтижелері ауызға қатысты бейнелі қолданыстардың бірнеше негізгі концептуалдық белгілер төңірегінде қалыптасатынын көрсетті. Олар: сұлулық, пішін, сөйлеу ерекшелігі, мінез-құлық, эмоциялық күй, қарым-қатынас, тамақтану мәдениеті және нәзіктік. Мысалы, ағылшын тіліндегі *Her mouth is like a rosebud* және қытай тіліндегі 樱桃小嘴 теңеулері адамның сыртқы келбетінің эстетикалық бағасын білдірсе, *Her mouth is as sharp as a knife* және 嘴像刀子一样 үлгілері сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлықты бағалауға негізделген. Сол сияқты *Her words are as sweet as honey* және 嘴像蜜一样甜 мысалдары жағымды қарым-қатынас пен ізгілік концептісін бейнелейді. Бұл мысалдар теңеулердің тек сыртқы ұқсастыққа ғана емес, белгілі бір мәдени-танымдық бағалау жүйесіне сүйеніп қалыптасатынын дәлелдейді.

Концептуалдық домендер тұрғысынан алғанда, екі тілде де "ауыз – сөйлеу", "ауыз – эмоция", "ауыз – мінез" және "ауыз – әлеуметтік қарым-қатынас" сияқты ортақ когнитивтік модельдер басым. Дегенмен, олардың бейнелік негізі ұлттық мәдениетке тәуелді өзгешеленеді. Мәселен, ағылшын мәдениетінде әйел сұлулығы көбіне rosebud (раушан бүршігі) арқылы сипатталса, қытай мәдениетінде 樱桃小嘴 («шиедей кішкентай ауыз») дәстүрлі эстетикалық идеал ретінде қалыптасқан. Демек, теңеулердің концептуалдық негізі әмбебап болғанымен, олардың тілдік көрінісі мен бейнелік уәжі ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерімен айқындалады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері ағылшын және қытай тілдеріндегі mouth – 口 – 嘴 сөздеріне қатысты тұрақты тіркестердің ортақ когнитивтік негізін ғана емес, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін де айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы – бұрынғы еңбектерде негізінен метафора мен метонимияға басымдық берілсе, осы

жұмыста теңеулердің концептуалдық белгілері, тура және ауыспалы мағыналары, сондай-ақ олардың когнитивтік уәждемесі салыстырмалы түрде жүйеленіп талданды. Зерттеу нәтижелері когнитивтік лингвистика, салыстырмалы тіл білімі, мәдениетаралық коммуникация және аударматану салаларындағы болашақ зерттеулерге теориялық негіз бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Lakoff G., Johnson M. (1980) *The metaphors we lived by*. Chicago and London: The university of Chicago press, 36 [Электрондық ресурс]: URL: https://archive.org/details/metaphorsweliveb0000lako (өтінім берілген күні: 08.01.2026).

王敏．(2008) *人体转喻化的认知特点*．外语艺术教育研究，4, 17-20．

文旭，吴淑琼．(2007) *英汉“脸、面”词汇的隐喻认知特点*．//西南大学学报(社会科学)．6, 140-144．

张卫静．(2009) *从认知隐喻及转喻看英汉多义词 “mouth” 与 “口” 的异同*．//VIEW大视野，1, 205- 206．

Collins dictionaries (2026) [Электрондық ресурс]: URL: HUNGRY MOUTHS definition and meaning | Collins English Dictionary (өтінім берілген күні: 11.02.2026).

成语大词典编委会. (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司, 1354 [электрондық ресурс]: URL: 万口一谈的成语解释及意思-成语词典 (өтінім берілген күні: 13.02.2026)

Reverso Context (2026) [Электрондық ресурс]: URL: in the mouth - Перевод на русский - примеры английский | Reverso Context (өтінім берілген күні: 13.02.2026).

成语大词典编委会 (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司 [Электрондық ресурс]: URL: 说嘴郎中的成语解释及意思-成语词典 (өтінім берілген күні: 13.02.2026).

成语大词典编委会 (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司 [Электрондық ресурс]: URL: 血口喷人的成语解释及意思-成语词典 (өтінім берілген күні: 13.02.2026).

成语大词典编委会 (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司 [Электрондық ресурс]: URL: 佛口蛇心的成语解释及意思-成语词典(өтінім берілген күні: 13.02.2026).

成语大词典编委会 (2021) *成语大词典*. – 北京: 商务印书馆国际有限公司 [Электрондық ресурс]: URL: 口吐珠玑的成语解释及意思-成语词典 (өтінім берілген күні: 13.02.2026).

References

Lakoff G., Johnson M. (1980) *The metaphors we lived by*. Chicago and London: The university of Chicago press, 36 [Electronic resource]: URL: Metaphors we live by : Lakoff, George : Free Download, Borrow, and Streaming : Internet Archive (date of access: 08.01.2026).

Wáng mǐn (2008) Réntǐ zhuǎn yù huà de rèn zhī tèdiǎn. *Wàiyǔ yìshù jiàoyù yánjiū*, 4, 17-20.

Wén xù, Wúshūqióng (2007) Yīnghàn “liǎn, miàn” cíhuì de yǐnyù rèn zhī tèdiǎn. *Xīnán dàxué xuébào (shèhuì kēxué bǎn),* 6, 140-144.

Zhāngwèijìng (2009) Cóng rèn zhī yǐnyù jí zhuǎn yù kàn yīnghàn duōyìcí “mouth” yǔ “kǒu” de yìtóng. *VIEW dà shìyě*, 1, 205-206.

Collins dictionaries (2026) [Electronic resource]: URL: HUNGRY MOUTHS definition and meaning Collins English Dictionary (date of access: 11.02.2026).

Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì (2021) *Chéngyǔ dà cídiǎn*. Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guójì yǒuxiàn gōngsī, 1354 [Electronic resource]: URL: 万口一谈的成语解释及意思-成语词典 (date of access: 13.02.2026).3

Reverso Context (2026) [Electronic resource]: URL: in the mouth - Перевод на русский - примеры английский | Reverso Context (date of access: 13.02.2026).

成语大词典编委会 (2021) 成语大词典. – 北京: 商务印书馆国际有限公司 [Elektrondyk resurs]: URL: 说嘴郎中的成语解释及意思-成语词典 (date of access: 13.02.2026).
Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì (2021) Chéngyǔ dà cídiǎn. Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guójì yǒuxiàn gōngsī [Electronic resource]: URL: 血口喷人的成语解释及意思-成语词典 (date of access: 13.02.2026).
Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì (2021) Chéngyǔ dà cídiǎn. Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guójì yǒuxiàn gōngsī [Electronic resource]: URL: 佛口蛇心的成语解释及意思-成语词典 (date of access: 13.02.2026).
Chéngyǔ dà cídiǎn biān wěi huì (2021) Chéngyǔ dà cídiǎn. Běijīng: Shāngwù yìn shūguǎn guójì yǒuxiàn gōngsī [Electronic resource]: URL: 口吐珠玑的成语解释及意思-成语词典 (date of access: 13.02.2026).

Сравнительный анализ метафорического и метонимического употребления устойчивых выражений, связанных с китайскими словами «口, 嘴» и английским словом “mouth”

[1]К.Токтарбек, [1]Н.З.Жуманбекова, [2]Ч.С.Тулеева
[1] Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Астана, Казахстан)
[2]Кыргызский государственный университет имени И.Арабаева (Бишкек, Кыргызстан)

Аннотация
Английское слово “mouth” и китайские слова “口- kǒu, 嘴- zuǐ” (рот) обладают обоснованностью в метафорическом и метонимическом употреблении. Оба базируются на форме, функции и способах действия рта. С метонимической точки зрения эти слова показывают одинаковые отношения замещения в одной когнитивной области, однако каждое имеет свои индивидуальные особенности. С точки зрения метафоры эти слова могут проецироваться на домены формы/вещей, эмоций/поведения, социальных отношений и характера, а китайские “口- kǒu, 嘴- zuǐ” также могут проецироваться на область знаний/интеллекта. Проекционный диапазон китайских слов широк и продуктивен, что связано с когнитивными и языковыми особенностями английского и китайского языков. С когнитивной точки зрения метафорические проекции этих слов отражают подходы “以身喻心- yǐ shēn yù xīn – выражение мыслей и чувств через тело” и “以身喻身- yǐ shēn yù shēn – выражение тела через тело”. В статье рассматриваются устойчивые выражения, связанные с понятием «рот» в английском и китайском языках, в их денотативном и коннотативном значениях, а также проводится сравнительный анализ их метафорического и метонимического употребления.
Ключевые слова: сравнительный анализ, метафора, метонимия, буквальный и переносный смысл, устойчивые выражения**,** 口- kǒu, 嘴- zuǐ (рот)**,** mouth.

A comparative analysis of the metaphorical and metonymic usage of fixed expressions related to the Chinese words “口, 嘴” and the English word “mouth”

[1]K.Toktarbek, [1]N.Z.Zhumanbekova, [2]Ch.S.Tuleeva
[1]L.N.Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
[2]I.Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgystan)

Abstract
The English word “mouth” and the Chinese words “口 - kǒu, 嘴 – zuǐ - mouth” demonstrate validity in metaphorical and metonymic usage. Both are based on the shape, function, and modes of operation of the mouth. From a metonymic perspective, these words exhibit the same substitution relationship within a single cognitive domain, while each retains its unique characteristics. From a metaphorical perspective, these words can be projected onto the domains of shape/objects, emotion/behavior, social relations, and character; additionally, the Chinese “口 - kǒu, 嘴 - zuǐ” can be projected onto the knowledge/intellect domain. The projection range of Chinese words is broad and highly productive, which is attributed to the cognitive and linguistic features of English and Chinese. Cognitively, the metaphorical projections of these words reflect the approaches “以身喻心- yǐ shēn yù xīn- expressing thoughts and feelings through the body” and “以身喻身 - yǐ shēn yù shēn - expressing the body through the body”. The article examines fixed expressions related to the

concept of “mouth” in English and Chinese in their denotative and connotative meanings, and provides a comparative analysis of their metaphorical and metonymic usage.
Keywords: comparative analysis, metaphor, metonymy, literal and figurative meaning, fixed expressions, 口 - kǒu, 嘴 - zuǐ (mouth), “mouth”.

Поступила в редакцию: 31.01.2026
Одобрена: 27.03.2026
Первая публикация на сайте: 16.06.2026